

Шарбақты ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 79/1 "Шарбақты ауданының жергілікті атқарушы органдарының Ережелерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Павлодар облысы Шарбақты ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 10 наурыздағы № 46/1 шешімі

Шарбақты ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шарбақты ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 79/1 "Шарбақты ауданының жергілікті атқарушы органдарының Ережелерін бекіту туралы" қаулысына келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 7 - қосымшасында бүкіл мәтін бойынша:

"мүгедектерге", "мүгедектерін" сөздері "мүгедектігі бар адамдарға", "мүгедектігі бар адамдар" сөздерімен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 1 - қосымшаның 15 - тармағының 30) тармақшасы алып тасталсын.

көрсетілген қаулыға 1 қосымшаның 15 тармағы келесі мазмұндағы тармақшамен толықтырылсын:

"32) әскери міндеттілік және әскери қызмет, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері жөніндегі, азаматтық қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шарбақты ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың төртінші абзацын қоспағанда, оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Абеуов